ШАРТ-ОФЕРТА

Vezoo бағдарламалық өніміне қол жеткізу және Тапсырыс берушілердің Сервистеріндегі Тапсырмалар бойынша есеп айырысу туралы

(өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғаларға, жалпыға бірдей белгіленген салық салу режимін қолданатын жеке кәсіпкерлерге және резидент еместерге арналған)

2026 жылғы 10 қарашадағы 1.2 редакциясы

Алматы қаласы

Бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «ИНТЕРНЕТ ПЛАТФОРМА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 221240001319, Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Александр Олегович Сатовтың атынан, осы Шарттың талаптарына сәйкес келетін жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге төменде көрсетілген талаптармен шарт жасасуды ұсынады.

Осы құжат Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК) сәйкес жария оферта болып табылады. Осы офертаны толық әрі сөзсіз қабылдау (акцепт) осы Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жасау арқылы жүзеге асырылады. Акцепт жасалғанға дейін тұлғаға Шарт мәтінімен және Тапсырыс берушінің тиісті Бөлімінің талаптарымен мұқият танысу ұсынылады; қандай да бір талаппен келіспеген жағдайда тұлға акцепт жасаудан бас тартуы тиіс.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Осы Шартта мынадай терминдер қолданылады:

Оператор – «ИНТЕРНЕТ ПЛАТФОРМА» ЖШС, Платформаның меншікті бағдарламалық өнімінің иесі және айрықша құқық иеленушісі, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – ҚР СК) 721-бабының мағынасында интернет-платформа операторы болып табылады.

Платформа (Vezoo өнімі) – Оператор коммерциялық мақсаттарда пайдаланатын Vezoo.kz бағдарламалық өнімі (компаниялардың өзін-өзі жұмыспен қамтыған орындаушылармен өзара іс-қимылын автоматтандыруға арналған цифрлық B2B HRTech-платформасы және ақпараттық жүйе; авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 69517 куәлік), оның құрамына https://vezoo.kz сайты, Курьердің жеке кабинеті, мобильді қосымшалар, бағдарламалық модульдер, дерекқорлар және Тапсырыс берушілердің Сервистерімен әрі мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялау интерфейстері кіреді.

Тапсырыс беруші – Платформада тіркелген және онда Курьерлерді цифрлық іздеу және өзінің Тапсырыс беруші Сервисіне қосу жөніндегі өтінімдерді орналастыратын, Оператормен Платформаға қол жеткізу беру туралы шарт жасасқан заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер. Аталған шартқа сәйкес Оператор Курьерлермен есеп айырысуды өз атынан, бірақ Тапсырыс берушінің есебінен жүзеге асырады.

Тапсырыс берушінің Сервисі – Клиенттер тапсырыстарды рәсімдейтін, ал Курьер Тапсырмаларды алатын Тапсырыс берушінің интернет-дүкені, мобильді қосымшасы, сайты немесе өзге де цифрлық сервисі.

Клиент – Тапсырыс берушінің Сервисінде тапсырыс рәсімдеген тұлға.

Курьер – Платформада тіркеуден өткен, осы Шартты акцептеген және осы Шарттың 3-бөлімінде көрсетілген Санаттардың біріне жататын жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер.

Санат – Курьер тіркелу кезінде таңдайтын салықтық мәртебе: өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға, жалпыға бірдей белгіленген салық салу режимін қолданатын жеке кәсіпкер немесе резидент емес.

Тапсырма – Клиенттің тапсырысын жеткізуге арналған тапсырма, оны Курьер Тапсырыс берушінің Сервисіне қосылғаннан кейін сол Сервис арқылы алады және орындайды.

Тапсырыс берушінің бөлімі – нақты бір Тапсырыс берушіге және оның Сервисіне арналған https://vezoo.kz сайтының жеке бөлімі (қойындысы). Онда осы Тапсырыс берушімен жұмыс істеудің егжей-тегжейлі талаптары: Курьерлерге және көлік құралдарына қойылатын талаптар, Ақылы жазылым мөлшерлемесі, Есепті кезең, төлем мерзімдері мен тәртібі және өзге де талаптар орналастырылады.

Курьердің жалпы кірісі – Тапсырыс беруші Сервисінің деректері бойынша Есепті кезең ішінде орындалған Тапсырмалар үшін Курьерге есептелген барлық есептеулердің жалпы сомасы, оның ішінде Тапсырмаларды орындауға байланысты алынған барлық сомалар.

Тапсырыс берушінің үлесі – Vezoo бағдарламалық өнімін (өнімге ақылы жазылымды) пайдаланғаны үшін Тапсырыс беруші төлейтін ақыға жататын Курьердің жалпы кірісінің бір бөлігі. Бұл сома Курьердің жалпы кірісінен ұсталады және Курьердің кірісіне кірмейді.

Курьердің кірісі – Тапсырыс берушінің үлесі шегерілген Курьердің жалпы кірісі. Курьердің кірісі осы Шарттың В бөлігі бойынша көрсетілген қызметтер үшін Курьерге төленетін сыйақы, Курьердің Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің (бұдан әрі – ОЖА) сомасы және Курьердің салықтары мен әлеуметтік төлемдерін есептеу базасы болып табылады.

Ақылы жазылым – осы Шарттың А бөлігі бойынша Vezoo бағдарламалық өнімін және оған интеграцияланған цифрлық қызметтерді пайдаланғаны үшін Курьер төлейтін ақы. Ол Тапсырыс берушінің бөлімінде көрсетілген мөлшерлеме бойынша Курьердің кірісінен пайызбен есептеледі.

Төленуге жататын сома – Ақылы жазылым, Оператор салық агенті ретінде ұстап қалатын салықтар мен әлеуметтік төлемдер және осы Шартта көзделген өзге де ұстап қалулар шегерілген Курьердің кірісі.

Есепті кезең – Курьермен есеп айырысу жүргізілетін, Тапсырыс берушінің бөлімінде көрсетілген кезең.

Есеп айырысу есебі – Курьердің жеке кабинетінде Есепті кезең үшін қалыптастырылатын, Курьердің жалпы кірісін, Тапсырыс берушінің үлесін, Курьердің кірісін, Ақылы жазылымды, ұсталған салықтар мен әлеуметтік төлемдерді, өзге де ұстап қалуларды және Төленуге жататын соманы қамтитын электрондық құжат.

Курьердің ОЖА-сы – Курьер орындаушы, ал Тапсырыс берушінің есебінен әрекет ететін Оператор осы Шарттың В бөлігі бойынша курьерлік жеткізу қызметтерінің тапсырыс берушісі болып табылатын орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі.

Оператордың ОЖА-сы – Оператор орындаушы, ал Курьер осы Шарттың А бөлігі бойынша Ақылы жазылымның тапсырыс берушісі болып табылатын орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі.

Цифрлық растау – Курьердің Платформада әрекетті немесе құжатты биометриялық сәйкестендіруді және (немесе) Курьердің расталған ұялы телефон нөміріне жіберілген бір реттік кодты пайдалана отырып растауы. Тараптар мұндай растауды Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес өз қолымен қойылған қолтаңбаға тең деп таниды.

Төлем ұйымы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қызметтерін жүзеге асыратын, Курьердің электрондық әмияны немесе шоты ашылған ұйым.

Транзиттік төлемдер – Курьерлерге кейіннен төлеу үшін Тапсырыс берушіден Оператордың банктік шотына түсетін ақша. Транзиттік төлемдер Оператордың өз ақшасынан бөлек есепке алынады және оның кірісі болып табылмайды.

1.2. Осы Шартта айқындалмаған терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мағынада қолданылады.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Шарт бойынша Оператор Курьерге Ақылы жазылым талаптарымен Платформаға қол жеткізу мүмкіндігін береді (А бөлігі). Платформаның функционалы шеңберінде Оператор Тапсырыс берушімен жасалған комиссия шарты негізінде өз атынан, бірақ Тапсырыс берушінің есебінен және мүддесі үшін әрекет ете отырып, Курьерден Тапсырмалар бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдайды және Тапсырыс берушіден түскен ақша есебінен Курьермен есеп айырысуды жүзеге асырады (В бөлігі). Осы Шарт аралас шарт болып табылады және бағдарламалық өнімге қол жеткізу беру шартының және ақылы қызмет көрсету шартының элементтерін қамтиды.

А бөлігі (Ақылы жазылым) – Курьердің Платформаға және оның функционалына ақылы негізде қол жеткізуі.

В бөлігі (Тапсырмалар бойынша есеп айырысу) – Курьердің Тапсырмалар бойынша қызметтерін қабылдау және Тапсырыс берушінің комиссионері ретінде Оператор жүзеге асыратын Курьермен есеп айырысу. Тапсырмалар бойынша есеп айырысу Платформаны пайдалана отырып жасалатын мәмілелер шеңберіндегі ілеспе қызметтер болып табылады және оның бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктеріне интеграцияланған.

2.2. Ақылы жазылымға Платформаның мынадай функционалына қол жеткізу кіреді: Курьердің жеке кабинеті; Тапсырыс берушілердің Курьерлерді қосуға арналған өтінімдері туралы ақпараттандыру; Курьерді тіркеу, верификациялау және Тапсырыс берушілердің Сервистеріне қосу; Курьермен кері байланыс және коммуникация; электрондық құжат айналымы, оның ішінде құжаттарды қалыптастыру және оларға қол қою; кірістерді есепке алу және талдау, Есеп айырысу есептері; хабарламалар; Платформаға кіріктірілген пайдаланушыларды қолдау құралдары (чат, анықтамалық материалдар); сондай-ақ Курьерге Платформада қолжетімді өзге де модульдер. Ақылы жазылым Платформаға қол жеткізу үшін бірыңғай төлем болып табылады; оның құрамына кіретін функционал бөлек төленбейді және дербес қызметтер болып табылмайды. Көрсетілген функционал коммерциялық мақсаттарда пайдалану арқылы бағдарламалық өнімді іске асыруды, оның ішінде Платформаның бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктеріне интеграцияланған қызметтерді іске асыруды білдіреді. Платформа арқылы Оператор Интернет желісі арқылы Курьерлер мен Тапсырыс берушілер арасында байланыс орнатуға, Курьерлерді Тапсырыс берушілердің Сервистеріне қосуға және Оператор айрықша құқық иеленушісі болып табылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, олардың арасында нақты уақыт режимінде мәмілелер жасауға арналған бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктерді ұсынады.

2.3. В бөлігі бойынша ҚР АК-нің комиссия шарты туралы нормаларына сәйкес Курьер алдында құқықтар мен міндеттерді Оператор иеленеді. Бұл ретте Оператор Курьер қызметтерін алушы немесе тұтынушы болып табылмайды: қызметтер Тапсырыс берушінің мүддесі үшін көрсетіледі және оларды Тапсырыс беруші мен оның Клиенттері тұтынады. Оператор Тапсырыс беруші Сервисінің деректері бойынша белгіленетін Тапсырмалардың құнын айқындамайды, Тапсырмалардың орындалуын және Курьердің маршруттарын

басқармайды, жеткізудің орындалуы үшін Тапсырыс беруші мен Клиенттер алдында жауап бермейді және Курьердің қызметтеріне бақылау орнатпайды.

2.4. Оператор жеткізу, тасымалдау, логистика, тауарларды сақтау қызметтерін көрсетпейді және қайта сатпайды, сондай-ақ тасымалдаушы, жеткізу қызметі, таксопарк, жұмыс беруші, кадрлық агенттік немесе төлем ұйымы болып табылмайды. Оператордың кірісі тек өзінің бағдарламалық өнімі – Платформаға қол жеткізу үшін төленетін ақыдан: Курьердің Ақылы жазылымынан және Тапсырыс берушінің Vezoo өніміне қол жеткізу үшін төлейтін ақысынан тұрады. Курьерлерге төлеуге арналған ақша Транзиттік төлемдер болып табылады және Оператордың кірісі болып саналмайды.

2.5. Осы Шарт еңбек шарты болып табылмайды және Курьер мен Оператор немесе Тапсырыс беруші арасында еңбек қатынастарын туындатпайды. Курьер дербес әрекет етеді, Тапсырмаларды орындауға қолжетімді болатын уақыт кезеңдерін өзі айқындайды және қызмет көрсетуге байланысты тәуекелдерді өзі көтереді.

2.6. Оператордың салық агенті ретінде салықтар мен әлеуметтік төлемдерді есептеуі, ұстап қалуы және аударуы заң күшіне байланысты жүзеге асырылады, Ақылы жазылым құрамына кірмейді және бөлек төленбейді.

2.7. Ақылы жазылымның пайыздық мөлшерлемесі Vezoo бағдарламалық өнімін пайдаланғаны үшін төлемді оның пайдалану көлеміне қарай есептеу тәсілі болып табылады және делдалдық, агенттік, комиссиялық немесе өзге де қызметтер үшін сыйақы болып табылмайды.

3. КУРЬЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ

3.1. Курьер тіркелу кезінде өзінің Санатын таңдайды және ол туралы мәліметтердің дұрыстығына кепілдік береді. Санаты немесе салықтық мәртебесі өзгерген жағдайда Курьер мұндай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жеке кабинеті арқылы Операторға хабарлауға міндетті.

3.2. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға. Осы Санаттағы Курьер төмендегілерге кепілдік береді:

1) Қазақстан Республикасының азаматы немесе қандас болып табылады және ҚР СК-ге сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимін қолданады;

2) өзі көрсететін қызметтер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 994 қаулысымен бекітілген, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлеріне жатады;

3) оның күнтізбелік айдағы кірісі ҚР СК-де өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимі үшін белгіленген шекті мөлшерден аспайды және ол жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайды.

3.3. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған Курьерге қатысты Оператор интернет-платформа операторы ретінде ҚР СК-нің 721-бабына сәйкес салық агенті болып табылады және Курьердің кірісінен есептелген жеке табыс салығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген әлеуметтік төлемдерді ұстап қалады және аударады.

3.4. Егер өзін-өзі жұмыспен қамтыған Курьер арнайы салық режимін қолдану құқығынан айырылса, оның ішінде кірістің шекті мөлшерінен асып кетсе, ол бұл туралы Операторға дереу хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайда Оператор ҚР СК-де жеке тұлғалардың кірістеріне қатысты белгіленген тәртіппен салықтар мен әлеуметтік төлемдерді есептеуге

және ұстап қалуға немесе өзге Санат расталғанға дейін Курьердің Тапсырмаларға қол жеткізуін тоқтата тұруға құқылы.

3.5. Жеке кәсіпкер. Осы Санаттағы Курьер жеке кәсіпкер ретінде тіркелгеніне және жалпыға бірдей белгіленген салық салу режимін қолданатынына кепілдік береді. Мұндай Курьер салықтар мен әлеуметтік төлемдерді өз бетінше есептейді және төлейді; Оператор оған қатысты салық агенті болып табылмайды. Арнайы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер осы Шарт бойынша Платформаға қосылмайды. Егер Курьер қосылған құн салығын төлеуші болса, ол ҚР СК-де белгіленген тәртіппен Операторға шот-фактура жазып береді.

3.6. Резидент емес. Осы Санаттағы Курьер – салық салу мақсатында Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлға. Оператор мұндай Курьерге қатысты салық агенті болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төлем көзінен салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді ұстап қалады. Курьер-резидент емес Қазақстан Республикасының аумағында болуға және қызметті жүзеге асыруға заңды негіздері бар екеніне кепілдік береді және Оператордың сұрауы бойынша растайтын құжаттарды, ал қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдану үшін өзінің резиденттігін растайтын құжатты ұсынады.

3.7. Курьер Санатты дұрыс көрсетпеудің немесе оның өзгергені туралы уақтылы хабарламаудың салдары үшін, соның ішінде осы себеппен есептелген салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын Операторға өтеу міндеті үшін жауапты болады.

4. ТІРКЕУ ЖӘНЕ АКЦЕПТ

4.1. Осы Шартты акцептеу https://vezoo.kz/apply/ тіркеу парақшасында немесе мобильді қосымшада тұлғаның мынадай әрекеттер жиынтығын жасауы арқылы жүзеге асырылады: тіркеу нысанын толтыру, Санатты және Тапсырыс берушінің Сервисін таңдау, осы Шартпен, Тапсырыс беруші бөлімінің талаптарымен, құпиялылық саясатымен танысқаны және келісетіні, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісетіні туралы белгі қою және өтінімді жіберу батырмасын басу. Акцепт жасау кезеңінде Цифрлық растау немесе электрондық цифрлық қолтаңба талап етілмейді.

4.2. Акцепт жасау мәміленің жазбаша нысанының сақталғанын растайды. Шарт акцепт жасалған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

4.3. Курьер бірнеше Тапсырыс берушінің Сервистеріне қосыла алады. Әрбір Тапсырыс берушімен жұмыс істеуге осы Шарттың және тиісті Тапсырыс беруші бөлімінің талаптары қолданылады.

4.4. Курьерді сәйкестендіру және оның құжаттарын тексеру цифрлық құжаттар сервисі мен мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияны пайдалану арқылы жүргізіледі. Технологиялық құралдармен сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, Оператор жеке басын куәландыратын құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелерін жинамайды және сақтамайды.

4.5. Егер тұлға осы Шарттың, Тапсырыс беруші бөлімінің немесе Тапсырыс беруші Сервисінің талаптарына сәйкес келмесе, Оператор тіркеуден немесе Тапсырыс берушінің Сервисіне қосудан бас тартуға құқылы.

5. ТАПСЫРЫС БЕРУШІ БӨЛІМДЕРІНІҢ ТАЛАПТАРЫ

5.1. Әрбір Тапсырыс берушімен жұмыс істеудің егжей-тегжейлі талаптары https://vezoo.kz сайтында Тапсырыс берушінің жеке бөлімінде орналастырылады және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5.2. Әрбір Есепті кезеңге тиісті Тапсырмалар орындалған күні қолданыста болған Тапсырыс беруші бөлімінің талаптары қолданылады.

5.3. Ақылы жазылым мөлшерлемесіне қатысты Тапсырыс беруші бөлімінің талаптарына енгізілген өзгерістер олар орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткенге дейін күшіне енбейді. Курьер Тапсырыс беруші бөлімінің өзекті талаптарын өз бетінше қадағалайды.

5.4. Курьерге, оның көлік құралына, жабдықталуына, құжаттарына және Тапсырмаларды орындау тәртібіне қойылатын талаптар Тапсырыс беруші бөлімінде және Тапсырыс беруші Сервисінің қағидаларында белгіленеді. Курьер оларды сақтауға міндетті.

6. ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ (В БӨЛІГІ)

6.1. Курьер Тапсырмаларды Тапсырыс берушінің Сервисі арқылы алады және Тапсырыс беруші Сервисінің тауарды алу, сақтау және Клиентке беру жөніндегі нұсқауларын сақтай отырып, оларды жеке өзі орындайды.

6.2. Курьер қызметтерді жаяу немесе өзіне меншік құқығымен не өзге де заңды негізде тиесілі велосипедті, жеке мобильділік құралын, мотоциклді, мопедті немесе автомобильді пайдалана отырып көрсетеді. Басқару құқығын талап ететін көлік құралын пайдаланған кезде Курьер тиісті санаттағы жүргізуші куәлігіне ие болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды қамтамасыз етуге және техникалық қарап-тексеруден өтуге міндетті.

6.3. Курьер Клиенттерден тауарлар немесе жеткізу ақысын төлеу үшін қолма-қол ақша қабылдамайды.

6.4. Өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда Курьер бұл туралы Тапсырыс берушінің Сервисі арқылы хабарлай отырып, Тапсырманы орындаудан бас тартуға немесе оны орындауды тоқтатуға құқылы.

6.5. Оператор орындалған Тапсырмалар туралы мәліметтерді Тапсырыс берушінің Сервисінен интеграция, электрондық тізілімдер немесе Тапсырыс берушінің жеке кабинеті арқылы алады. Бұл мәліметтер Курьермен есеп айырысуға негіз болады.

7. ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

7.1. Курьер Тапсырмаларды орындаған әрбір Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Оператор Курьердің жеке кабинетінде мыналарды қалыптастырады:

1) Есеп айырысу есебі;

2) Курьердің кірісі сомасына Курьердің ОЖА-сы;

3) Ақылы жазылым сомасына Оператордың ОЖА-сы.

7.2. Курьер жеке кабинетінде орналастырылғаны туралы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Курьердің ОЖА-сына және Оператордың ОЖА-сына Цифрлық растау немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды. Сол мерзім ішінде

Курьер даулы Тапсырмалар мен сомаларды көрсете отырып, жеке кабинет арқылы дәлелді қарсылықтарын жіберуге және құжаттарға қол қоюдан бас тартуға құқылы.

7.3. Егер осы Шарттың 7.2-тармағында көрсетілген мерзімде Курьер құжаттарға қол қоймаса және дәлелді қарсылықтарын жібермесе, құжаттарға Курьер қол қойған, ал Тараптардың қызметтері ескертусіз көрсетілген және қабылданған болып есептеледі.

7.4. Оператор құжаттарға электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

7.5. Оператор құжаттардың нысандарын өзгертуге, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына сәйкес Платформа қалыптастыратын өзге де бастапқы құжаттармен алмастыруға құқылы.

8. ЕСЕП АЙЫРЫСУ

8.1. Есепті кезең үшін Курьермен есеп айырысу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Курьердің жалпы кірісінен Тапсырыс берушінің үлесі ұсталады; алынған сома Курьердің кірісі болып табылады;

2) Курьердің кірісінен Тапсырыс беруші бөлімінде көрсетілген мөлшерлеме бойынша Ақылы жазылым есептеледі;

3) өзін-өзі жұмыспен қамтыған Курьерлер мен резидент еместер үшін Курьердің кірісінен Оператор салық агенті ретінде ұстап қалатын салықтар мен әлеуметтік төлемдер есептеледі;

4) Төленуге жататын сома Курьердің кірісінен Ақылы жазылымды, осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген салықтар мен әлеуметтік төлемдерді және осы Шартта көзделген өзге де ұстап қалуларды шегеру арқылы айқындалады.

8.2. Акцепт жасай отырып, Курьер Тапсырыс берушінің үлесін Курьердің жалпы кірісінен ұстап қалуға және Ақылы жазылымды Курьердің кірісінен ұстап қалу арқылы төлеуге келісім береді. Ақылы жазылымды ұстап қалу Курьердің салықтары мен әлеуметтік төлемдерін есептеу базасын азайтпайды.

8.3. Курьердің жалпы кірісінің, Тапсырыс беруші үлесінің, Курьер кірісінің, Ақылы жазылымның, салықтар мен өзге де ұстап қалулардың мөлшері Есеп айырысу есебінде көрсетіледі.

8.4. Курьерге төлемдер Тапсырыс берушіден түскен Транзиттік төлемдер есебінен жүргізіледі. Тапсырыс берушіден тиісті ақша түскенге дейін Оператор төлем жасауға міндетті емес.

8.5. Төлем Тапсырыс беруші бөлімінде көрсетілген мерзімдерде, ал мұндай мерзімдер болмаған жағдайда – Тапсырыс берушіден ақша түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, бірақ Курьердің ОЖА-сына қол қойылғанға немесе оған қол қойылды деп танылғанға дейін емес, жүзеге асырылады. Дәлелді қарсылықтардың жіберілуі даулы бөлік бойынша төлем мерзімін тоқтата тұрады.

8.6. Есеп айырысу қолма-қол ақшасыз нысанда теңгемен жүргізіледі. Оператор Клиенттерден төлем қабылдамайды.

8.7. Тапсырыс берушіден орындалған Тапсырмалар туралы түзетілген мәліметтер түскен жағдайда Оператор түзетілген Есеп айырысу есебін қалыптастырады және түзетуді ең жақын Есепті кезеңде ескереді.

8.8. Техникалық қате немесе іркіліс салдарынан Курьерге тиесілі сомадан артық ақша аударылған жағдайда, Курьер Оператордың хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш)

банктік күн ішінде артық алынған соманы қайтаруға міндетті. Ақша қайтарылмаған жағдайда Оператор бұл соманы кейінгі төлемдерден ұстап қалуға, ал Шарт тоқтатылғаннан кейін оны сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

9. ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ

9.1. Курьер жеке кабинетінде төлем жасаудың мынадай тәсілдерінің бірін таңдайды:

1-тәсіл – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі Курьердің банктік шотына (төлем карточкасына) аудару;

2-тәсіл – Курьердің Төлем ұйымындағы электрондық әмиянына немесе шотына есептеу, одан кейін ақшаны Курьердің өзі шығарып алуы.

9.2. 1-тәсіл қолданылған кезде төлемді алу үшін байланысты шығыстарды екінші деңгейдегі банктердің тарифтеріне сәйкес Курьер көтереді.

9.3. 2-тәсіл қолданылған кезде Оператордың төлем жасау жөніндегі міндеттемесі Төленуге жататын сома Курьердің Төлем ұйымындағы электрондық әмиянына немесе шотына есептелген сәтте орындалған болып есептеледі. Төлем ұйымынан ақшаны шығару – Төлем ұйымы Курьерге өз тарифтері бойынша көрсететін жеке қызмет. Төлем ұйымының сыйақысы оның тарифтеріне байланысты ақша шығару сомасының 0,7 %-ынан 1,5 %-ына дейін болады; нақты мөлшері ақшаны шығару операциясын растағанға дейін Курьерге көрсетіледі. Төлем ұйымының сыйақысы Оператордың кірісі болып табылмайды және оны Оператор алмайды.

9.4. Курьер жеке кабинет арқылы өтініш беру жолымен төлем тәсілін өзгертуге құқылы. Жаңа тәсіл өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылатын төлемдерге қолданылады.

9.5. Банктік шот, электрондық әмиян немесе Төлем ұйымындағы шот Курьердің атына ашылуға тиіс. Қате деректемелерді көрсету, Курьердің шотына операцияларды бұғаттау немесе шектеу салдарынан туындаған төлемнің кешігуі немесе есепке алынбауы үшін Оператор жауапты болмайды.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Курьер міндетті:

1) дұрыс, толық және өзекті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға және олардың өзгергені туралы уақтылы хабарлауға;

2) осы Шартты, Тапсырыс беруші бөлімінің талаптарын, Тапсырыс беруші Сервисінің қағидаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде жол жүрісі қағидаларын сақтауға;

3) тауарды алған сәттен бастап Клиентке тапсырғанға дейін оның сақталуын қамтамасыз етуге;

4) жеке кабинетке және Тапсырыс беруші Сервисіне қол жеткізу мүмкіндігін үшінші тұлғаларға бермеуге және өзінің есептік деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

5) осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тәртіппен құжаттарға уақтылы қол қоюға;

6) Платформаның немесе Тапсырыс беруші Сервисінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін әрекеттер жасамауға және оларға санкцияланбаған қол жеткізуге әрекеттенбеуге;

7) Оператордың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғалар алдында оның мүдделерін білдірмеуге;

8) Клиенттердің дербес деректерін және Тапсырмаларды орындау кезінде өзіне белгілі болған Тапсырыс берушілер туралы мәліметтерді жария етпеуге және оларды тек Тапсырмаларды орындау үшін ғана пайдалануға – Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және ол тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жыл бойы.

10.2. Курьердің құқығы бар:

1) осы Шарттың 8 және 9-бөлімдерінде белгіленген тәртіппен төлемдер алуға;

2) жеке кабинеттен орындалған Тапсырмалар мен есеп айырысулар туралы мәліметтер алуға;

3) осы Шартта белгіленген тәртіппен Есеп айырысу есептеріне, құжаттарға және ұстап қалуларға дау айтуға;

4) төлем тәсілін таңдауға және өзгертуге;

5) осы Шарттың 15-бөлімінде белгіленген тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға.

10.3. Оператор міндетті:

1) Курьерге Ақылы жазылым көлемінде Платформаға қол жеткізу мүмкіндігін беруге;

2) осы Шарттың 7–9-бөлімдерінде белгіленген тәртіппен құжаттарды қалыптастыруға және төлемдер жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда салық агентінің міндеттерін орындауға;

4) Курьердің дербес деректерін қорғауды қамтамасыз етуге;

5) осы Шарттың қолданыстағы редакциясын https://vezoo.kz сайтында орналастыруға.

10.4. Оператордың құқығы бар:

1) Курьерден Шартты орындау және заңнама талаптарын сақтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

2) осы Шарттың бұзылғаны, мәліметтердің дұрыс еместігі немесе Платформа қауіпсіздігіне қатер анықталған жағдайда, сондай-ақ тексеру жүргізу кезеңінде Курьерге хабарлай отырып, оның Платформаға немесе Тапсырмаларға қол жеткізуін тоқтата тұруға;

3) осы Шартта көзделген ұстап қалуларды жүргізуге;

4) Платформаның негізгі мақсатын сақтай отырып, оның функционалын өзгертуге және дамытуға;

5) өзге тұлғалармен осындай шарттар жасасуға.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11.1. Міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Тараптар осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

11.2. Курьер тауарды алған сәттен бастап оны Клиентке тапсырғанға дейінгі кезеңде өзінің кінәсінен болған тауардың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі үшін Тапсырыс беруші құжаттармен растаған нақты залал мөлшерінде жауапты болады.

11.3. Осы Шарттың 11.2-тармағында көрсетілген залалды өтеу үшін ұстап қалу Курьерге жеке кабинет арқылы негізі мен сомасы көрсетілген хабарлама жіберілгеннен кейін Төленуге жататын сомадан жүргізіледі. Курьер хабарлама жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өз уәждерін ұсына отырып, ұстап қалуға дау айтуға құқылы. Дау айтылған жағдайда, Оператор Тапсырыс берушімен бірлесіп қарсылықтарды қарағанға

дейін, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде ұстап қалу жүргізілмейді; келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау осы Шарттың 14-бөлімінде белгіленген тәртіппен шешіледі.

11.4. Курьер өзінің кінәсінен Операторға келтірілген залалдарды, оның ішінде дұрыс емес мәліметтер ұсыну, дербес деректерді өңдеу талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген залалдарды, осы себеппен Операторға салынған айыппұлдар сомаларын қоса алғанда, өтейді.

11.5. Курьер қызмет көрсету кезінде келтірілген зиян үшін, оның ішінде көлік құралының иесі ретінде, үшінші тұлғалар алдында дербес жауапты болады.

11.6. Оператор Тапсырыс беруші Сервисінің әрекеттері, Тапсырыс беруші беретін мәліметтердің дұрыстығы, Тапсырыс берушінің Курьердің өз Сервисіне қол жеткізуін шектеуі, сондай-ақ Оператордың ақылға қонымды бақылауынан тыс мән-жайлардан, банктердің, Төлем ұйымдарының және байланыс операторларының іркілістерінен туындаған Платформа жұмысындағы үзілістер үшін жауапты болмайды.

11.7. Оператордың жауапкершілігі оның кінәсінен Курьерге келтірілген нақты залалмен шектеледі.

12. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

12.1. Акцепт жасай отырып, Курьер Операторға «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзінің дербес деректерін, оның ішінде тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН-ын, туған күнін, байланыс деректерін, цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған жеке басын куәландыратын құжаттардағы мәліметтерді, биометриялық сәйкестендіруге арналған бет-бейнесінің кескінін, банктік деректемелерін, салықтық мәртебесін, көлік құралы мен жүргізуші куәлігі туралы мәліметтерді, орындалған Тапсырмалар, есептелген сомалар, ұстап қалулар және төлемдер туралы мәліметтерді жинауға және өңдеуге келісім береді.

12.2. Дербес деректер Курьерді тіркеу және сәйкестендіру, оны Тапсырыс берушілердің Сервистеріне қосу, Тапсырмаларды есепке алу, электрондық құжат айналымы, есеп айырысу және төлемдер жүргізу, салық агентінің міндеттерін орындау, талап-арыздарды қарау және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында өңделеді.

12.3. Курьер көрсетілген мақсаттар үшін қажетті көлемде өзінің дербес деректерін өзі қосылған Сервистердің Тапсырыс берушілеріне, екінші деңгейдегі банктерге, Төлем ұйымдарына, электрондық құжат айналымы және байланыс операторларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде интегратор-серіктес арқылы мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерге беруге келісім береді.

12.4. Дербес деректер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорда оларды өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгенге дейін, бірақ салық заңнамасында және бухгалтерлік есеп туралы заңнамада белгіленген құжаттарды сақтау мерзімдерінен кем емес мерзімде сақталады, содан кейін жойылады.

12.5. Дербес деректерді жарнамалық және маркетингтік мақсаттарда өңдеу Курьердің жеке кабинетте білдірген жеке келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

12.6. Курьер жеке кабинет арқылы өтініш беру жолымен дербес деректерді өңдеуге берген келісімін қайтарып алуға құқылы. Келісімді қайтарып алу Шарттың тоқтатылуына әкеп соғады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып

табылатын өңдеуге, сондай-ақ есеп айырысуды аяқтау үшін қажетті өңдеуге қолданылмайды.

12.7. Тараптар Шартты орындауға байланысты алған мәліметтердің құпиялылығын сақтауға міндеттенеді, бұған оларды жария ету Шартты орындау үшін қажет болатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін жағдайлар кірмейді.

13. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ

13.1. Егер міндеттемелерді орындамау Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының, оның ішінде табиғи апаттардың, әскери іс-қимылдардың, мемлекеттік органдар шешімдерінің, байланыс, төлем жүйелері немесе мемлекеттік ақпараттық жүйелер жұмысының жаппай іркілістерінің салдары болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

13.2. Осындай мән-жайлар туындаған Тарап екінші Тарапты 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Міндеттемелерді орындау мерзімдері осындай мән-жайлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес ұзартылады. Жалпыға белгілі фактілер дәлелдеуді қажет етпейді.

14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

14.1. Дауларды талап қою тәртібімен реттеу міндетті болып табылады. Талап жеке кабинет арқылы немесе Оператордың сайтында көрсетілген байланыс деректері бойынша жіберіледі. Талапты қарау мерзімі – ол алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні.

14.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге соттылық белгіленбесе, даулар Оператор орналасқан жердегі сотта қаралады.

14.3. Электрондық құжаттар, жеке кабинет деректері, Платформа әрекеттерінің журналдары және Цифрлық растаулар туралы мәліметтер Тараптар үшін дәлелдемелер болып танылады.

15. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

15.1. Оператор осы Шартты біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, ол үшін жаңа редакцияны https://vezoo.kz сайтында оның күшіне енуіне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын орналастырады. Курьер Шарттағы өзгерістерді өз бетінше қадағалайды. Жаңа редакция күшіне енгеннен кейін Платформаны пайдалануды жалғастыру Курьердің онымен келіскенін білдіреді. Келіспеген жағдайда Курьер жаңа редакция күшіне енгенге дейін Шарттан бас тартуға құқылы.

15.2. Шарт акцепт жасалған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.

15.3. Курьер жеке кабинет арқылы Операторды хабардар ете отырып, кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

15.4. Оператор Курьерді кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын хабардар ете отырып, ал мынадай жағдайларда алдын ала хабарламай-ақ Шартты орындаудан бас тартуға құқылы:

1) Курьердің Санаттан айырылғаны туралы Операторға хабарламауы;

2) Курьердің дұрыс емес мәліметтер немесе құжаттар ұсынуы;

3) Курьердің осы Шартты, Тапсырыс беруші Сервисінің қағидаларын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел немесе бірнеше рет бұзуы;

4) Курьердің Оператордың немесе Тапсырыс берушінің беделіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған мәліметтер таратуы.

15.5. Оператор мен Тапсырыс беруші арасындағы шарттың тоқтатылуы осы Шартты тоқтатпай, Курьердің сол Тапсырыс берушінің Сервисіне қосылуының тоқтатылуына әкеп соғады.

15.6. Шарттың тоқтатылуы Тараптарды есеп айырысу, өткен Есепті кезеңдер үшін құжаттарға қол қою және құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

16.2. Хабарламалар жеке кабинет, push-хабарламалар, SMS, мессенджерлер және Курьер тіркелу кезінде көрсеткен байланыс деректері бойынша электрондық пошта арқылы жіберіледі.

16.3. Шарттың жекелеген ережесінің жарамсыздығы қалған ережелердің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

16.4. Осы Шарттың қолданыстағы редакциясы https://vezoo.kz сайтында орналастырылады.

ОПЕРАТОР

«ИНТЕРНЕТ ПЛАТФОРМА» ЖШС

БСН 221240001319

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-4 шағынауданы, 49-үй, индексі 050036

Нақты мекенжайы: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/8, С блогы, 2-қабат, 142-кеңсе

Электрондық пошта: vezoo.kz@yandex.kz

Сайт: https://vezoo.kz

Директор Сатов А.О.